

АМАНДАСУ ТҮРЛЕРІ

Амандасу - инабаттылық пен әдепке қатысты қатынас нормасы. Байырғы қазақ дәстүрі амандасулардың әлеуметтік тегінен, байлығынан және жалпы өмірдегі алатын орнынан белгі беретін болған.

АМАНДАСУ

- ✓ Қызықты амандасу түрлері
- ✓ Амандасу әдебі

ҚЫЗЫҚТЫ АМАНДАСУ ТҮРЛЕРІ

- ✓ Тибет елінің амандасуы
- ✓ Тувалу елінің амандасуы
- ✓ Монғолия елінің амандасу түрлері
- ✓ Жапония елінің амандасу түрлері
- ✓ Кения елінің амандасу түрлері
- ✓ Гренландия елінің амандау түрлері

ТИБЕТ ЕЛІНІҢ АМАНДАСУЫ

○ Тибет

Көптеген елдерде тіл шығару әдепсіздік болып танылса, кейбір жерде тілін шығарған жан жазаға тартылады. Тіл шығару тибет халқына жат емес, себебі, олар бір-бірін көргенде, тілдерін шығарады. Бұл рәсім 9-ғасырда бастау алған. Сол замандағы Тибет елінің көсемі Ландарманың тілі қара болған деседі. Тибет халқы өзгелерге өздерінің жауыз емес екендерін көрсету мақсатында, бір-бірін көрген кезде тілдерін шығара бастайды. Бұл дәстүр өз жалғасын әлі күнге дейін табуда.

ТУВАЛУ ЕЛІНІҢ АМАНДАСУЫ

- Тувалу еліндегі дәстүрлі сәлемдесу дәстүрі өте қызық. Полинезияда орналасқан арал мемлекетіне саяхат жасаған жандар жергілікті халықпен жақындасу әрекетіне дайын болуы керек. Бір-бірін көрген бойда екі жан бір-бірінің беттеріне жақындап, терең дем алады.

МОНҒОЛИЯ ЕЛІНІҢ АМАНДАСУЫ

- Бейтаныс жанды үйіне қонаққа шақырған кезде монғолдар оған «хада» деп аталатын жібек не мақта-маталы жолақ береді. Әдетте, оның түсі ақ. Кейдесе көк я жасыл түсті болады. Хада ұсынылған кезде келген қонақ оны екі қолмен алып, басты изеуі тиіс. Хада ұсыну мен алу рәсімі - үлкен құрметтің белгісі.

ЖАПОНИЯ ЕЛІНІҢ АМАНДАСУЫ

- Жапон халқы сәлемдесу рәсіміне аса үлкен мән береді. Бір-бірін көрген кезде олар иіледі. Жастар өзара бастарын изеп амандасады. Ал татамиде тізерлеп отырып, жерге қарай иілу керек.

КЕНИЯ ЕЛІНІҢ АМАНДАСУЫ

- Кенияға сапар шеккен жандар масаи тайпасын кездестіреді. Масаи тайпасының халқы бір-бірін көргенде, билей бастайды. Би арқылы олар бір-бірімен амандасады. Сәлемдесу биі «адаму» деп аталады, яғни «секіру биі». Билеген кезде шеңбер жасап, ырғалып, секіре бастайды.

ГРЕНЛАНДИЯ ЕЛІНІҢ АМАНДАСУЫ

- *Гренландия сияқты арктикалық аймақтардағы эскимостар не инуиттердің «куник» деп аталатын сәлемдесу рәсімдері бар. Бұл дәстүр отбасы мүшелері мен ғашық жандар арасында кеңінен таралған. Жүздескен жандардың бірі мұрнының ұшы мен жоғарғы ернін екінші жанның қолына я бетіне тигізіп, терең дем алады.*

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АМАНДАСУ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

- ✓ *Ер адам мен ер адам амандасуы:*
- ✓ *Қыз бен ер баланың амандасуы:*
- ✓ *Әйелдер ерлермен амандасуы*

АМАНДАСУ ӨДЕБІ



Амандасу әдебі

ЕР АДАМ МЕН ЕР АДАМ АМАНДАСУЫ

- Көбінесе қол алысып амандасады



ҚЫЗ БЕН ЕР БАЛАНЫҢ АМАНДАСУЫ

- Етжақын туыс болмаған қыз-келіншектермен қол беріп амандасуға болмайды.



ТҰРМЫСТАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ЕРЛЕРМЕН АМАНДАСУЫ

- Етжақын туыс болмаған қыз-келіншектермен қол беріп амандасуға болмайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің жұбайларынан басқа әйел затының қолын ұстамаған.

